

Народхан Дашибан 6D070700 – «Тау-кен ісі» мандығы бойынша PhD дәрежесін алу үшін ұсынылған «Көмір тілігі жағдауының тұрақтылығына сыртқы жыныс үйіндісінің әсерін зерттеу

(мысалы ретінде Екібастұз кен орны жағдайы)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына шетелдік ғылыми көнесші

Жетигенов Балқыбектөн

ПІКІР

Докторант Народхан Дашибанның жұмысы сыртқы жыныс үйінділерінің әсерінен көмір тіліктерінің жұмыс жағдауларының тұрақтылығын қамтамасыз етудің өзекті мәселесін зерттеуге арналған. Ол экономикалық тиімділік пен қауіпсіздіктің маңызды аспектілерін біріктіре отырып, тау-кен құрылымдарын пайдалану барысында олардың тұрақтылығын қамтамасыз етудің маңызды міндетін қарастырады.

Шынында да, тілік жағдауының шекараларын және онда қалыптасқан сыртқы жыныс үйіндісін өзара орналастыру туралы негізсіз шешімдер тау-кен жұмыстарын одан әрі жүргізуді болдырмайтын салдарға әкеп соктырған жағдайлар бар. Ашық көмір қорын жоғалтудан басқа, төтенше жағдайларға да әкелуі мүмкін. Үйінділер мен тілік жағдауларының тұрақтылығы пайдалы қазбалар кен орындарын ашық тәсілмен игеру кезіндегі негізгі және құрделі проблемалардың бірі болып табыладытындығы көретілген.

Диссертациялық жұмыстың идеясы - разрезді пайдаланудың барлық кезеңінде олардың бірлескен тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін жұмыс жағдаулары мен сыртқы жыныс үйінділерінің өзара байланысты технологиялық параметрлерінің арақатынасын анықтау және белгілеу.

Зерттеудің негізгі мақсаты сыртқы жыныс үйінділерінің әсерінен жұмыс жағдауының тұрақтылығын анықтау әдістерін әзірлеу және негіздеу болып табылады. Автор тіліктердегі жағдау тұрақтылығының ерекшеліктерін зерттейді және олардың тұрақтылығына әсер ететін факторларды анықтайды.

Жұмыстың негізгі ғылыми және практикалық нәтижелері «Экибастузский» және «Восточный» тіліктері жағдауларының тұрақтылығын талдауды, тұрақтылық мәселесін шешу әдістерін тандау мен негіздеуді, сыртқы үйінділердің жүктемесімен жағдаулардың тұрақтылығын сандық модельдеуді және осы объектілердің тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін ұсынымдар әзірлеуді қамтиды.

Диссертацияда геомеханикалық құрылымдардың өзара әсерін зерттеудің ұсынылған ғылыми әдістерін қолдану ашық тау-кен жұмыстарын жобалау және одан әрі дамыту кезінде көмір тіліктерін пайдаланудың бүкіл кезеңінде қауіпсіздікті қамтамасыз ететін аршу жұмыстарын оңтайтын ұйымдастыру бойынша негізделген шешімдер қабылдауға мүмкіндік беретіндігі нақты көрсетілген.

Зерттеу нәтижелері республикалық және халықаралық конференцияларда ұсынылды және сәтті сыналды, Scopus дереккорына енгізілген шетелдік журналдарда жарияланды.

Орындалған зерттеулерді, олардың өзектілігі мен ғылыми маңыздылығын, сондай – ақ Қазақстан Республикасы Ғылым және жогары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитетінің талаптарына сәйкестігін ескере отырып, Народхан Даражанның жұмысы 6D070700 – «Тау-кен ісі» мамандығы бойынша PhD философия докторы дәрежесін беруге лайық деп айтуда болады.

И. Рazzаков атындағы ҚМТУ
«Пайдалы қазбалар кен орындарын
жер асты игеру» кафедрасының
доценті, т.ғ.к.

Б. Жетигенов



И. Рazzаков атындағы
Қырғыз Маммал
Техникалық Университеті

Колун тастықтамыр

04.05.2024



04.05.2024